



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты  
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for  
students and young scholars  
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір  
11 апреля 2014 года  
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2014»  
атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
ІХ Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS  
of the IX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2014»**

**2014 жыл 11 сәуір**

**Астана**

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**  
**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың ІХ Халықаралық ғылыми конференциясы = ІХ Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001(063)**  
**ББК 72**

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014

3. Оператор интернет-ресурса АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям «KAZNEX INVEST» Министерства индустрии и новых технологий РК
4. Годовой отчет Национального Банка Казахстана за 2012 год, [http://www.nationalbank.kz/cont/publish196817\\_10443.pdf](http://www.nationalbank.kz/cont/publish196817_10443.pdf)
5. «Прогноз развития быстрорастущих рынков», «Эрнст энд Янг», апрель 2013 года.
6. Исследование инвестиционной привлекательности Казахстана, 2013 год
7. Сайт Агентства Республики Казахстан по статистике, <http://www.eng.stat.kz>, дата доступа: 7 июля 2013 года.
8. «Система образования», Посольство Республики Казахстан в США, <http://www.kazakhembus.com/page/education>, дата доступа: 1 февраля 2013 года.

**УДК 330.34**

## **«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ- ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КІЛТІ**

**Ахметкәрімова Құндыз Маратбекқызы**  
Kunduzka\_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Экономика факультетінің Э-11  
қазақ тобының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Смаилова Д.О.

«Таза болса табиғат-аман болар адамзат», - деп дана қазақ халқы айтқандай адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлықтарын пайдаланады және өз қызметі арқылы табиғатқа әсер етеді. Ал адамның сол әсерінің салдары табиғатқа зиянды болуы мүмкін. Бүгінгі таңда табиғатты қорғау үшін экономикасы жоғары деңгейде дамыған елдерде материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында табиғат пен оның байлықтарын тиімді пайдалануға және қайтадан қалпына келтіруге арналған көптеген қоғамдық және мемлекеттік іс-шаралар атқарылуда. Адамның өндірістік әрекетінің экологияға тигізетін жағымсыз әсерін белгілі бір дәрежеде шектеп, табиғи қорларды ұтымды пайдалану ежелден бері адам баласының көкейтесті мәселелерінің бірі болып келді және қазіргі техниканың дамыған заманында ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Осыған орай көптеген мемлекеттерде «жасыл экономика» саясаты жүргізілуде. «Жасыл экономика» - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл экономика» бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшырап жатқан (пайдалы қазбалар, мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

«Лас энергетиканы» пайдалану және адамдардың басқа да әртүрлі қызметтерінің салдарынан климаттың барған сайын өзгеруі, табиғат байлықтарын тиімсіз пайдалану және дәстүрлі көмірсутек отыны қорының азаюы жағдайында бұл тақырып бүгінде өте өзекті болып отыр. Ал болашақтың технологиясымен басқалардан бұрынырақ айналысуды бастаған мемлекеттер көп жағдайда суырылып алға шығары сөзсіз.

«Жасыл экономиканың» негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. «Жасыл экономика» дегеніміз-қалдықтың өзін кәдеге жарату. Оның экологиялық қырынан бөлек, байлықты оңды-солды шашып емес, үнемдеу арқылы пайдаға кенеліп, соны жүйелі түрде іске асырумен де өлшенеді. Тазалықты ту етеді. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл экономиканы» дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

«Жасыл экономиканы» дамытпай біз дамыған 30 елдің қатарына қосыла алмаймыз. Бұл мәселеге республиканың барлық аймақтары атсалысуы қажет. Себебі: аймақтар

дамымаса, бәсекеге қабілетті болмаса, бұл мақсатқа жету қиын. «Жасыл» технологиялар негізінде аймақтарды дамытуда мүмкіндік мол.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен терезесі тең болуды мақсат еткен Қазақстан Республикасы экологиялық мәселелерді шешудің, халық денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қалыптастырудың бірден-бір маңызды жолы – «жасыл» даму жолына шықпақ. Бұл ғылым мен техника дамыған 20 ғасырда қалыптаса бастаған қауіпті экологиялық проблемалардың ауыр салдарын азайтып, бүгінгі қарқынды даму кезеңде айналамыздағы табиғат пен өмір кеңістігінің жағдайына нұқсан келтірмеудің тиімді жолы.

«Жасыл» дамуға өтпес бұрын бізді қыруар жұмыс күтіп тұр. Ең алдымен – «жасыл экономиканың» қалыптасуы үшін қаржы-экономикалық, құқықтық, әлеуметтік тұрғыдан жағдай жасалуы тиіс. Бұл тетіктер елімізде жинақталып қалған экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін «жасыл экономиканың» салаларының пайда болып, әрі қарай дамуына мүмкіндік туғызады.

Сондықтан да, Елбасы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша еліміздің «жасыл экономикаға» өту стратегиясы әзірленуде. Бұл Республиканың ұзақ мерзімді дамуы үшін аса маңызды құжат болғандықтан, әзірлеу жұмыстарына тәжірибелі халықаралық сарапшылар, ғалымдар, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері тартылған болатын.

«Жасыл экономикаға» бет бұрған Қазақстанның жай-күйі қандай болмақ? Жаңа экономикалық бағыт қандай мәселелерді шеше алады деген сұрақтар жиі қойылады.

Өнеркәсіптің және заманауи технологиялардың қоршаған ортаға тигізетін залалын едәуір азайтып, ауа, жер және судың тазаруына себеп болады. Су тапшылығы жойылып, халықтың экологиялық таза азық-түлік пен тұрмыстық тауарларға деген сұранысы қанағаттандырылады. Жаңа инфрақұрылымның пайда болуының арқасында жаңартылатын қуат көздерінің әлеуеті толыққанды игеріледі.

Жаңа технологиялы индустриялық нысандардың, оның ішінде – жаңартылатын қуат көздерінің іске қосылуы ескірген инфрақұрылымды қайта жаңғыртады. Аймақтық «жасыл» кластерлердің құрылысы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Аймақтардың үйлесімді дамуы – экономиканы «жасылдандырудың» негізгі мақсаттарының бірі. Ең басты мақсат – ішкі өнімінің сапалық өсімін қамтамасыз ететін жан-жақты дамыған экономиканы құруға талпынып отырған Қазақстан сыртқы ғаламдық қауіп-қатерлер мен дағдарыстарға қарсы тұра алатын мемлекетке айналуы.

«Жасыл экономика» – халықтың өмір сүру салтын экологиялық тазалыққа бастайтын процесс. Ол, өз кезегінде, адам денсаулығы мен тұрмыс сапасының жақсаруының кепілі болып табылады. Қысқаша айтқанда, табиғаттың сұлулығы мен байлығын жан-тәнімізбен қорғаудың еліміздің ертеңіне, ұлтымыздың болашағы мен барлығымыздың өмірімізге берері мол.

«Соңғы екі жылда елімізде «жасыл экономиканы» дамытуға қатысты 25 пилоттық жоба іске асып, өз нәтижелерін беріп үлгерді. 2013-2014 жылдары жаңартатын энергия көздеріне бағытталған тағы 20 жоба жүзеге асады», - деп ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев хабарлағандай еліміздің «жасыл экономикаға» көшуі қарқынды дамуда және бұл тұжырымдама үш кезең бойынша жүзеге асырылады деп күтілуде.

Бірінші кезеңі 2013-2020 жылдар аралығы. Осы уақыт аралығындағы Республикамыздың алға қойған басты мақсаттары табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және табиғатты қорғау қызметінің сапасын арттыру болып табылады, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру жұмыстары қолға алынбақ. Екінші кезеңі 2020-2030 жылдар аралығын қамти отырып қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым негізінде су қорларын тиімді пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын ынталандыруды және дамытуды көздеп, оны кеңінен пайдалануға, сонымен қатар құрылыс нысандарын энергия үнемдеудің жоғары стандарттарының базасында салуға бағытталған ұлттық экономиканы құрып, оны өркендету жұмыстары кең көлемде іске асырылмақшы. Ал соңғы 2030-2050 жылдар аралығында орындалуы тиіс үшінші кезеңде табиғи ресурстардың жаңартылуы мен орнықтылығы қағи

даттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көше бастаймыз.

Сарапшылардың айтуынша, бұл тұжырымдама ұлттық экономиканың бірқатар салаларына серпіліс беріп, жұмысты жаңаша жүйелеуге алып келетін аса маңызды тұжырымдама екені анық. Атмосфера құрамының тазарып, құрғақшылыққа, жер эрозиясына қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру, топырақ мелиорациясы, агроөнеркәсіпті және балық шаруашылығын дамыту сынды мәселелерге жаңаша серпін берері сөзсіз. Осы ретте «жасыл экономика» тұжырымдамасы «Агробизнес – 2020» бағдарламасымен де сабақтасатынын байқау қиын емес. Қазақ елі 2017 жылы өтетін ЭКСПО көрмесінің тақырыбын энергияның баламалы көздері мен «жасыл экономика» мәселелеріне арнап отыр. Бұл жоба таза экологиялық технологияға және жаңартылған энергетикаға негізделеді. Индустриялық-инновациялық дамуды жеделдету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, еліміз 2015-2020 жылдар аралығында ЖІӨ энергия шығынын тиісінше 25 пайыздан 10 пайызға азайтуды көздеп отыр. Осыған орай, «жасыл технологияға» негізделген, жарықты барынша үнемдейтін диодты энергиялық қуат көздері мен құрылыс материалдарын шығаратын өндірістерді дамытуға күш сала бастады. Мысалы, жақында ашылған күн батареяларын өндіретін зауыт та – осы жобаның жүзеге асырыла бастауының нақты айғағы. Қазіргі таңда әлем елдерінде энергия көзінің тапшылығы байқалуда. Сондықтан әлем елдері энергияны күн, жел сияқты табиғи көздерден алуға көше бастады. Елбасы атап өткендей, болашақта бүкіл әлем «жасыл» технологиямен алға жылжитын болады. Сондықтан күллі әлемнің ғылым мен техника саласындағы ең үздік жетістіктері сараланатын көрме Астанаға ғана емес, еліміздің өзге өңірлеріне де айтарлықтай пайда әкеледі деуге негіз бар. Яғни Қазақ елі таңдаған «Болашақтың энергиясы» әлемдік экономикалық дамудың басты кілтіне айналмақ.

«ЭКСПО-2017 көп салалардың дамуына серпін береді. Бұл өңірлердегі «жасыл экономиканың» дамуына серпін береді. ЭКСПО көрмесінің аясында жаңа экологиялық таза энергия түрлері мен жаңартылған энергияның көздері ғана емес, таза көмір, ядролық технологиялар жағдайы да талқыға түседі. Қазір адамзаттың ойлап тауып жатқаны, барлық энергияның түрі қоршаған ортаға зақым келтірмеуі тиіс», – деп ҚР қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрі Нұрлан Қаппаров айтқандайелімізде ЭКСПО көрмесіне дайындық жұмыстары әлдеқашан басталып кетті. 2017 жылға белгіленген халықаралық көрмені ұйымдастыру үшін арнайы ұлттық компания да құрылып, оның басшылығына Талғат Ермағияев тағайындалды.

Жалпы 2017 жылы халықаралық «ЭКСПО» көрмесін өткізетін орын ретінде Астананың таңдалуы – елімізге үлкен абырой әкелді. Бұл Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарындағы ең үлкен жетістігі ретінде бағаланып отыр. «ЭКСПО– 2017» көрмесінің елімізге әкелетін пайдасы да қомақты болмақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Біріншіден, әлемнің осыншама елінің Қазақстанды «ең лайықты» деп тануының өзі өте маңызды. Екіншіден, 100-ден астам ел Астанада өз павильондарын салу үшін келеді. Үшіншіден, «ЭКСПО – 2017» көрмесіне біз ұсынған «Болашақтың энергиясы» ұраны негізінде елордамызға жаһандағы мемлекеттер өздерінің жаңа технологияларын жеткізеді. Іс жүзінде ІІІ индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар. Ал жаңа технологияларсыз енді даму жоқ. Яғни «ЭКСПО – 2017» Қазақстан үшін экономикалық дамудың түбегейлі жаңа бетін ашудағы бетбұрыс бекетіне айналмақ» деген еді.

Болашақ энергиясы – бұл қазіргі заманның келелі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр.

«Болашақ энергиясы» жобасының тақырыбы тұрақты даму ұстанымдарына негізделеді, ал оның астында экономикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарды, сондай-ақ мәдени әралуандылықпен және адам денсаулығына пайдалы ортаны қамтамасыз етумен байланысты сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған үдерістер ұғынылады.

«Болашақ энергиясы» жобасының атауында оның идеясында секілді энергияны жақын болашақта пайдалану кезіндегі ең озық тәсілдерді қабылдау, енгізу және қолдануды білдіретін абстрактілі ұғым қалыптасқан, бұл тұрақты дамудың айнымас шарты болып табылады.

«Болашақ энергиясы» сондай-ақ өзінің алдына жұртшылық назарын адамзаттың ажырамас мұрасы болып табылатын қуат қорларын жауапты және тиімді пайдалану қажеттілігіне қарату мақсатын қояды. «Болашақ энергиясы» жобасы алдына тұрақты қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеу, қуатпен жабдықтау сенімділігі мен тиімділігін арттыру, қалпына келтірілетін қуат көздерін қолдануды ынталандыру және қонақтарға қуат көзін үнемдеу өндірісінің жоспарын дайындау мен іске асыруға, энергетикалық қорларды тиімді пайдалануға белсенді қатысу қажеттілігін көрсету тәрізді нақты мақсаттар қояды.

«Болашақ энергиясы» жобасының түпкі ойы тұрақты қуат көздерін басқаруды қамтамасыз ететін шешімдер мен әдістерге қоғамдастық назарын аудару болып табылады. Бұл әдістер: ауа-райы өзгеруімен және көмірқышқыл газының шығарылуымен күресу; балама қуат көздерін пайдалануға ынталандыруға бағытталған, оның ішінде қалпына келтірілетін қуат көздерін пайдалану және энерготиімділік жөніндегі бағдарламаларды енгізу; энергиямен қамту сенімділігін қамтамасыз ету; энергияны өндіру, сақтау және пайдалануды басқару және тұрақты қуат көздеріне жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Бұл шешімдер ЭКСПО тақырыпшасында да көрсетілген. Олар әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуға әсер етеді және ең күрделі мәселелерді шешу жолдарын анықтайды.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесінің түйінді ұғымдары – «әлеуметтік-экономикалық» және «экологиялық тұрақты» – энергияны тұрақты даму мәнінде пайдалану туралы ойлану нәтижесінде қалыптасады.

Әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты жоба шеңберінде қарастырылатын түйінді ұғымдарды келесі түрде бөлуге болады:

- Қалпына келтірілетін қуат көздерін және энергияның басқа да баламалы түрлерін пайдалануға ынталандыру

- Энергияны тұтыну тиімділігі және ұтымды пайдалану
- Көлікті электрлендіру
- Көпшіліктің экологиялық таза энергияға қолжетімділігі
- Энергиямен қамтамасыз етілгендік
- Энергия мен материяның, тіршілік пен адамның бөлінбеушілігі

Қоршаған ортаға қатысты:

- Басты электр энергиясы ретінде пайдаланудағы шектеулі және қоршаған ортаны қатты ластанушы қазбалы қуат көздері

- Жаһандық жылыну және ауа-райының өзгеруі
- Қоршаған ортаның ластануы және денсаулыққа қауіп-қатері
- Қазбалы жанармайды пайдалану және көмірқышқыл газының шығарылуын азайту.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада өткен алқалы жиындардың бірінде «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өткізілетін Қазақстанның Елордасы таза, энергия тұтыну жағынан тиімді, «жасыл» қалаға айналуы керектігін атап өтті.

Қорытындылай келсек, «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығу мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамқөңілдік тудыратын кезеңде әсіресе өзекті болып табылады.

Сондықтан, Астана ЭКСПО 2017 көрмесі тәрізді оқиға үшін тұрақты дамуға бағытталған барынша орынды және тиімді шаралар кешенін қолдау мақсатында БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ мүмкіндіктеріне қатысты мәселелерді қарастыру заңдылық қана емес, сонымен қатар аса қажетті болып отыр.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесі бізге біздің денсаулығымыз бен қоршаған орта қауіпсіздігін қамтумен қатар экономикалық және әлеуметтік дамуды тездетуге қатысты адамзат алдындағы міндеттер мен мәселелерді ескере отырып, қуат тасымалдаушыларына жалпы, жаһандық көзқараспен қарауға көмектеседі. Осы міндеттер мен мәселелердің сәтті шешімін табу көптеген факторларға, оның ішінде біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да байланысты болмақ.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдауларының бірінде былай деген еді: «Біз бодан халықты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда қыруар белестерді бағындырдық. Әлі алар асуларымыз алда, мен адалдықтан айнымайтын ақжүрек халқымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал ел егемендігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы мәңгі қалады».

Ал Отанымыздың іргелі ел болып, қанатын кеңінен жаюына «жасыл экономиканың» тигізер пайдасы орасан зор екені шүбәсіз. Ең бастысы «жасыл экономиканы» құруға ел болып, халық болып жұмыла кірісуіміз қажет.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Әбдірейқызы Б. «Ұлттық стратегия әзірленуде» // Экономика республикалық апталық газет. Қыркүйек 2012ж
2. Сәттібайұлы К «Егемен Қазақстан» «Жасыл экономика» жолындағы жақсы істер
3. Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
4. 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасы.
5. Тоқтамұрат Қ. «Жасыл экономика» – жаңа технология// « Астана ақшамы» газеті 29 қаңтар 2013

**УДК 330.34**

### **«ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА» ПРОБЛЕМЫ И БУДУЩИЕ ВОЗМОЖНОСТИ**

**Ахметьянова Светлана**

[svetysikmir@mail.ru](mailto:svetysikmir@mail.ru)

Евразийский Национальный университет им.Л.Н Гумилева, экономический факультет,  
2 курс, специальность «Экономика», Астана. Казахстан  
Научный руководитель: к.э.н, доцент Лашкарева О.В.

Казахстан обладает богатейшими природными ресурсами и занимает одиннадцатую позицию среди наиболее энергоёмких стран мира, в связи с тем, что экономика Казахстана находится в зависимости от нефтяного сектора, горнодобывающей и тяжелой промышленности. Актуальность развития «зеленой экономики» связана с развитием за последние столетия «коричневой» экономики и ее технологиями, что спровоцировало планетарное изменение климата и поставило человечество перед угрозой глобальной катастрофы.

«Зеленая экономика» - это такая экономика, которая не наносит вред окружающей среде, повышает благосостояние людей и обеспечивает устойчивое развитие, как отдельных стран, так и мира в целом. Зеленая экономика охватывает вопросы сельского хозяйства, водные вопросы, утилизации отходов и т.д. Это касается практически всех сфер нашей жизнедеятельности.